

Салықтық тексерулер бойынша тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 15 қаңтардағы № 25 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 40 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 24 ақпанда № 10319 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 18 сәуірдегі № 254 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 15 мамырдағы № 200 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 18.04.2017 № 254 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.05.2017 № 200 бірлескен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 15-бабын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ**:

1. Салықтық тексеру бойынша тексеру парақтарының нысандары:

осы бірлескен бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес кешенді немесе тақырыптық салықтық тексерулері бойынша;

осы бірлескен бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес қарсы салықтық тексерулері бойынша;

осы бірлескен бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес жекелеген мәселелер жөнінде тақырыптық салықтық тексерулері бойынша;

осы бірлескен бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес хронометраждық зерттеп-тексерулері бойынша бекітілсін.

2. "Салық заңнамасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасының нормаларын орындау салық қызметі органдарына жүктелген бақылауды орындау мәселелері жөніндегі жеке кәсіпкерлік саласында жоспарлы кешендік немесе жоспарлы тақырыптық салық тексерулері жөніндегі тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 469 және Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011 жылғы 16 қыркүйектегі №

304 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7252 болып тіркелген, "Заң газеті" газетінде 2011 жылғы 27 қазандағы № 157 (1973) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне (Д.Е. Ерғожин):

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) он күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бірлескен бұйрықтың мемлекеттік тіркеуден кейін бұқаралық ақпарат құралдарына және "Әділет" ақпаратты-құқықтық жүйесінде ресми жариялануына жіберу;

3) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми ғаламтор-құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан
Қаржы

Республикасының Қазақстан
министрі Ұлттық

Республикасы
экономика

М и н и с т р і

_____ Б. Сұлтанов

_____ Е. Досаев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 15 қаңтар № 25
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 22 қаңтар № 40
Бірлескен бұйрығына
1-қосымша

нысан

**Кешенді немесе тақырыптық салықтық тексерулері бойынша тексеру
парағы**

Тексеруді белгілеген мемлекеттік органы

Нұсқама

(№, күні)

Салық төлеушінің (салық агентінің) аты-жөні немесе атауы _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН/ЖСН)

№	Талаптар тізбесі
1	Салықтардың барлық түрлері мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша Қазақстан Республикасының салық заңнамасын, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының толық және уақтылы есептеудің, ұстау мен аударудың, әлеуметтік аударымдарды толық және уақтылы есептеу мен төлеуді сақтау
2	"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 627-бабы 5-тармағының 2) тармақшасында көзделген мәселелер бойынша берілген Қазақстан Республикасының салық заңнамасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасын нұсқамаға сәйкес сақтау, оның ішінде:
2.1	салықтың және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлері бойынша салық міндеттемесінің орындалуы
2.2	кеден одағына мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарлар бойынша қосылған құн салығы және (немесе) акциз бойынша салық міндеттемесінің орындалуы
2.3	міндетті зейнетақы жарналарының толық және уақтылы есептелуі, ұсталуы мен аударылуы, сондай-ақ әлеуметтік аударымдардың толық және уақтылы есептелуі мен төленуі
2.4	банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың осы Кодексте, сондай-ақ 2003 жылғы 23 сәуірдегі "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" және 2013 жылғы 21 маусымдағы "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген міндеттерді орындауы
2.5	трансферттік баға белгілеу
2.6	акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерінің өндірілуін және айналымын, сондай-ақ авиациялық отынның, биоотынның, мазуттың айналымын мемлекеттік реттеу
2.7	соттың заңды күшіне енген үкімінің немесе қаулысының негізінде жалған кәсіпорын деп танылған салық төлеушімен жасасқан операциялар бойынша салық міндеттемелерін айқындау
2.8	сот жасалуын іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтер көрсетпей, тауарларды тиіп-жөнелтпей жүзеге асырылды деп таныған шот-фактура жазу бойынша әрекет (әрекеттер) бойынша салық міндеттемесін айқындау мәселелері бойынша
2.9	салық төлеуші (салық агенті) мен оның дебиторлары арасындағы өзара есеп айырысуды айқындау
2.10	халықаралық шарттардың (келісімдердің) ережелерін қолдану заңдылығы
2.11	қайтаруға ұсынылған қосылған құн салығы сомаларының дұрыстығын растау

2.12	төленген табыс салығын резидент еместің салықтық өтінішінің және қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттың негізінде бюджеттен немесе шартты банк салымынан қайтару
2.13	салық кодексінің 608-бабында белгіленген тәртіппен камералды бақылаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламасын салық төлеушінің (салық агентінің) орындалмауы
2.14	салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық тексерудің нәтижелері туралы хабарламаға және (немесе) жоғары тұрған салық органының хабарламаға шағымды қарау нәтижелері бойынша шығарылған шешіміне салық төлеушінің (салық агентінің) шағымында жазылған мәселелер бойынша шағымын қарау
2.15	төленген табыс салығын бюджеттен немесе қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес шартты банк салымынан қайтаруға резидент еместің салықтық өтінішін қайта қарау туралы өтінішін қарау
2.16	бақылау-кассалық машиналарды қолдану тәртібін сақтау
2.17	Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасын және акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін өндіру, сақтау және өткізу шарттарын сақтау
2.18	касса бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы салық органы шығарған өкімді орындау мәселелері бойынша салық төлеушіге (салық агентіне) қатысты салық органы жүргізетін тексеру
3	Белгіленген тәртіппен бекітілген салықтық есепке алу саясатының болуы
4	Белгіленген тәртіппен бекітілген салықтық тіркелімдердің болуы

Салық төлеушінің (салық агентінің) тексеру парағын алғаны туралы белгі:

20__ жылғы " __ " _____

(Аты-жөні, лауазымы, қолы)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 15 қаңтар № 25
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 22 қаңтар № 40
Бірлескен бұйрығына
2-қосымша

нысан

Қарсы салықтық тексерулері бойынша тексеру парағы

Тексеруді белгілеген мемлекеттік органы

Нұсқама

(№, күні)

Салық төлеушінің (салық агентінің) аты-жөні немесе атауы _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН/ЖСН)

	Талаптар тізбесі
1	Қосымша құн салығын төлеуші ретінде есепке қою
2	Нұсқамада көрсетілген салық төлеушімен өзара есеп айырысуларының болуы
3	Тексерілетін салық төлеушімен бухгалтерлік есепте және салық есептілігінде өзара есеп айырысулардың көрсетілуі

Салық төлеушінің (салық агентінің) тексеру парағын алғаны туралы белгі:

20__ жылғы " __ " _____

(Аты-жөні, лауазымы, қолы)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 15 қаңтар № 25
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 22 қаңтар № 40
Бірлескен бұйрығына
3-қосымша

НЫСАН

**Жекелеген мәселелер жөніндегі тақырыптық салықтық тексерулері
бойынша тексеру парағы**

Тексеруді белгілеген мемлекеттік органы

Нұсқама

(№, күні)

Салық төлеушінің (салық агентінің) аты-жөні немесе атауы _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН/ЖСН)

№	Талаптар тізбесі
1	Мемлекеттік кірістер органдарында тіркеу есебіне қою
2	Бақылау-кассалық машинаның болуы
3	Төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді жүзеге асыруға арналған жабдықтың (құрылғының) болуы
4	Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларының болуы және төлнұсқалығы, алкоголь өніміне, мұнай өнімдеріне және биоотынға ілеспе жүкқұжаттарының болуы және төлнұсқалығы, лицензияның болуы
4.1	Бензинді (авиациялықтан басқа), дизель отынын өндіруді
4.2	Бензинді (авиациялықтан басқа), дизель отынын көтерме және (немесе) бөлшек сатуды
4.3	Этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндіруді
4.4	Алкоголь өнімін көтерме және (немесе) бөлшек сатуды
4.5	Темекі өнімдерін өндіруді және (немесе) көтерме сатуды
4.6	Ойын бизнесін
4.7	Ұтыссыз ойын автоматтарын, ойын өткізу үшін пайдаланылатын жеке компьютерлерді, ойын жолдарын, карталарды, бильярд үстелдерін пайдалана отырып көрсетілетін қызметтерді
4.8	Салық кодексінің 279-бабының 6) тармақшасында көзделген акцизделетін тауарларды өндіру, жинау (жинақтау)

Салық төлеушінің (салық агентінің) тексеру парағын алғаны туралы белгі:

20__ жылғы " __ " _____

(Аты-жөні, лауазымы, қолы)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 15 қаңтар № 25
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің

нысан

Хронометраждық зерттеп-тексеру бойынша тексеру парағы

Тексеруді белгілеген мемлекеттік органы

Нұсқама

(№, күні)

Салық төлеушінің (салық агентінің) аты-жөні немесе атауы _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН/ЖСН)

№	Талаптар тізбесі
1	Табыс алуға бағытталған қызметке байланысты іс жүзіндегі кірістерді және іс жүзіндегі шығындарды белгілеу
2	Салық салынатын объектілерді және салық салуға байланысты объектілерді анықтау

Салық төлеушінің (салық агентінің) тексеру парағын алғаны туралы белгі:

20__ жылғы " __ " _____

(Аты-жөні, лауазымы, қолы)